

МҒТАР 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2p273-286](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2p273-286)

С.Б. Жұмағұл¹, Қ.Р. Кемеңгер¹, Г.С. Бөкен³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

²Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ТОҒЫСУЫ

Мақалада әдебиетші ғалым Рахманқұл Бердібайдың сан тарапты ғылыми еңбектерінің ұлттық әдебиеттанудағы зияткерлік сипаттағы маңызы қарастырылады. Коммунистік жүйе қысымындағы қазақ әдебиеті тарихының аса ділгір тақырыптарын ұлт тарихында қордаланып қалған көкейкесті мәселелермен тығыз байланыста талдауының өзектілігі сараланады. Тоталитаризм қыспағындағы әдеби мұраға, ұлттық құндылықтарға, Отан тарихындағы қилы кезеңдерден жазылған тарихи тақырыптағы І.Есенберлин романдарына елдік мүдде тұрғысынан объективті баға беруінің бүгінгі тәуелсіздік дәуіріндегі маңызы байыпталады. Ғылыми зерттеулеріндегі талдауларында филология және тарих ғылымдарының өзара тоғысып жатуының келелі сипаттары айқындалады. Әдебиеттанушы ғалым Р.Бердібайдың ғылыми еңбектері ұлттық әдебиеттанудың аса өзекті мәселелерін кешенді талдаумен маңызды. Ғалым еңбектерінде зерттеу нысанына алынған тақырыптар жүйесі өте ауқымды. Әдебиетші қазақ әдебиетінің тарихымен қатар фольклористика, түркітану бағытындағы күрделі зерттеулер жүргізді. Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері Отан тарихының келелі мәселелерімен сабақтастықта зерделеген ғалым әдебиеттанумен қатар тарих ғылымының ғылыми қағидаттарын басшылыққа алып отырды. Мақала XX және XXI ғасырлар тоғысындағы зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы пәнаралық зерттеу тұрғысынан байыптауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: әдебиетші ғалым, әдебиеттану, тоталитарлық жүйе, әдеби мұра, халық қазынасы, тарих, тарихи романдар, елдік мүдде.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Академик Рахманқұл Бердібайдың «Әдебиет және өмір», «Роман және заман», «Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы», «Дәстүр тағылымы», «Достық кемесінде», «Қазақ тарихи романы», «Биік парыз», «Замана сазы», «Ғасырлар толғауы», «Жыршылық дәстүр», «Сарқылмас қазына», «Кәусар бұлақ», «Эпос мұраты» атты зерттеулерінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы маңызы орасан зор. Бұл еңбектерде ұлт әдебиеті мен руханиятының сан алуан көкейкесті мәселелері қазақ тарихының түйткілді тақырыптарымен тығыз байланыста зерделенді.

Әдебиеттанушы ғалымның проблемалық, полемикалық сипаттағы мақалаларында әдебиет тарихын объективті зерттеу, әдеби мұраны әділ бағалау, тарихи шындық пен көркемдік шындық арақатынасын әділ саралау қажеттілігі өткір көтерілді. Қашанда ұлттық намысты қамшылап, ұлт санасын серпілтуді мақсат еткен ғалым 1965-1995 жылдары Алматы қаласы М.Әуезовтің мұражай үйінде қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін басқарып, руханият тақырыптарында бес жүздей дәріс өткізді. Сол арқылы тоталитарлық жүйенің ұлтсыздандыру саясатына қарсылығын танытып, елдік мәселелерге қоғам назарын аудартып отырды.

Халық университеті дәрістерінде кеңес идеологиясының қысымындағы Алаш арыстарының шығармашылығы қамтылды. Әдебиеттанушы ғалым цензуралық қыспаққа қарамастан Алаш ұранды әдебиет өкілдерінің «деби және ғылыми мұрасын, сан қырлы шығармашылықтарын объективті бағалауға күш салды. Ал 1983 жылы Мәскеуде Кеңес

түркітанушылар комитетінің IX пленарлық отырысында «Қазақ әдебиеттануының мәселелері» тақырыбында оқылған баяндамасында Шәкәрім Құдайбердіұлы мұрасын ақтауды батыл көтерді [1, 39-43].

Ұлт тарихынан ажырағасыз әдебиетіміздің көркемдік бастаулары мен асыл арналарын айқындаудағы 1960-1980 жылдардағы маңызды қадамдарды үнемі қолдап отырған ғалым ұлттық санадағы серпілістерді: «...Бүгінде халықтың қайта оянуын сыпаттайтын ең үлкен қуатты мәселе – өз тарихымыздың ұзын-ырғасына, бұралаң жолдарына, жеңістеріне өзіміздің көз жеткізуіміз, өткеннің алуан құбылыстарына жаттың, көлденең дұшпанның емес, достың, адал перзенттің көзімен қарайтын болуымыз» [2] деп дұрыс байыптады. Сол арқылы әдебиет пен тарихтың өзара сабақтас елдік мәселелерін ұлттық мүддеге сай зерттеу маңызын басты орынға қойып отырды.

КІРІСПЕ

Әдебиеттанушы Р.Бердібайдың «жылымық» жылдар рухында жазылған мақалаларын елдік сан, ұлттық мүдде даралайды. «Жылымық» жылдардағы рухани жаңғыру үрдісін, оның ұлт руханиятындағы маңызын ғалым «Сол бір жылдарда» (Жұлдыз. 1995.№5-6) аталатын естелігінде: «Бұрын халық тәңірдей табынып келген Сталиннің орасан заңсыздықтарға жол бергендіктері, соның нәтижесінде сан мыңдаған жазықсыз жандар жәбір шегіп, мезгілсіз құрбан болғандықтары айтылды. Бұл қатып қалған мұздың шет жағасы ерігендей, сең бұзылғандай құбылыс еді. Жеке адамға табынушылықты сынау социализмнің ел құрандай сеніп келген беделіне жарықшақ түсірді»[3, 124], – деп байыптаған болатын. Сондықтан да «жылымық» – барша қазақ зиялыларынан ұлттық әдебиеттануды саяси қысымға негізделген қасаң қағидаларынан арылтудың бағыт-бағдарын айқындау жолында азаматтық батылдықты талап етті.

«Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз» басылымдарында ұлт әдебиеті мен мәдениетінің ділгір мәселелеріне қатысты қазақ әдебиетшілерінің аға буынынан бастап кейінгі толқынның азаматтық ұстанымдарына сай туындаған мақалалары жылымық кезең рухына сай үн көтеріп, руханият әлемінде қордаланған мәселелерді әлеумет талқысына салуымен қоғамдық ой-пікірге қозғаушы күш берді. М.Қаратаевтың «Қайта қарауды қажет ететін мәселе» («Қ.Ә».1956.10.08), Ә.Қоңыратбаевтың «Сынның сырқаулары» («Қ.Ә».1956.3.02), «Әдебиетіміздің қамы үшін» («Қ.Ә».1958.19.09), Ә.Нарымбетовтың «Ана тілін ардақтайық» («Қ.Ә».1956.1.06), Т.Кәкішұлы, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлішеров, А.Байшин, Ә.Мұхтаров, Қ.Әбілдәев, Қ.Әлиасқаровтардың «Тіл мәдениеті» («Қ.Ә». 1956. 24.08), Қ.Тұрғанбаевтың «Тағы да әдеби мұра жайында» («Қ.Ә».1956.3.08), Ғ.Мұсабаевтың «Әдеби мұраны бұрмалаушылыққа қарсы» («Қ.Ә».1956.13.04), С.Қирабаевтың «Әдебиет сынына не бөгет болып отыр?» («Қ.Ә».1956.24.08), Ә.Дербісалиннің «Байсалды зерттеуді қажет ететін мәселе» («Қ.Ә».1956.4.05), Б.Кенжебаевтың «Өтелмеген парыз» («Қ.Ә». 1957. 25.01), М.Әуезовтің «Ана тілін, әдебиетін сүйіндер» («Қазақстан мұғалімі». 1957.28.03), М.Ғабдуллиннің «Әдебиет оқулықтарын жақсарту түсейік» («Қазақстан мұғалімі». 1957. 28.03), Ы.Дүйсенбаевтың «Ескі әдеби мұраларды пайдаланудағы міндеттеріміз» («Социалистік Қазақстан».1958.28.09), М.Базарбаевтың «Қазақ халқының әдеби мұрасын зерттеу туралы» («Жұлдыз».1959.№2) атты проблемалық мақалаларында көтерілген өзекті мәселелер ұлт руханиятына қатысты идеология қысымын тануда әрі қордаланған түйіндерді шешу маңызын байыпты қарастыруда жетекші орынға шыға бастады. Оларда ұлттық қасиеттің басты өлшемі ана тілінің мүшкіл жай күйі, елдік сананың тарихи тұнығы әдебиеттің зерттелуі мен классикалық мұраның игерілуіндегі басты олқылықтар, көркемдік және эстетикалық таным зердесі сында орын алған қателіктер табиғаты, ұлт зиялыларының ел алдында өтелуі тиіс парызы, орындалуы қажет қарызы талқыға салынды.

Заман ағысын жіті бағамдап, дәуір талаптарына сергек қараған зерттеушінің «Ең үлкен мәдени байлық» («Қазақ әдебиеті». 1956.22.04), «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» («Әдебиет және искусство». 1965.№12), «Әдебиет тарихын тереңдеп таныық»

(«Қазақ әдебиеті». 1968.19.10), «Әдебиет оқулықтары туралы ойлар» («Қазақ әдебиеті». 1969. 27.12), «Мұрагер парызы» («Қазақ әдебиеті».1970.25.09), «Халық мұрасы – қымбат қазына» («Қазақ әдебиеті».1976.22.10), «Жазба мұралар мәні» («Социалистік Қазақстан». 1979. 19.06) атты мақалаларында әдебиет тарихын объективті зерттеп оқыту, әдеби мұраны игеруді таптық өлшеммен емес, халықтың сарқылмас рухани байлығы, елдік пен ерлік қайнары ретінде әділ бағалау қажеттігі батыл көтерілді. «Бір де бір азамат өз халқының мәдени мұрасына енжар қарай алмайды» деп білген отаншылдық ұстанымдағы ғалым аталған мақалаларында «...Есте жоқ ескі заманда туған шығармаға да қазіргі күннің талабы тұрғысынан қарадық. Көркем шығармада бай, молданың аты аталса, нағыз бисаясаттық болып көрінеді. Міне, осындай көзқарастың нәтижесінде «Қамбар батыр» мен «Қозы Көрпештен» басқа жырдың бәрі де құбыжық болып көрінді. Жылдар бойы небір халықтық шығармалар жарық көрмей кетті» деп идеологиялық қысымнан өрістеп отырған қиянатты батыл көрсетті. Оның әдіснамалық астары империялық, шовинистік пиғылдың кейінгі кеңестік саясаттың жымьсық мақсатымен ұштасып жатқандығын: «Жырда немесе жеке шығармада орыс патшаларына қарсы ілуде бір сөз айтылса, ол шығарма халықтар достығына зиян деп табылды. Міне, осындай жалған концепция осы күнге дейін жойылып біткен жоқ. Бұл әдебиет зерттеуінің тым табандап қалуына себеп болған жайлар» деген пікірімен негіздеп, ұлт әдебиетін зерттеудегі қолдан жасалып отырған кедергілерге тән теориялық қателіктер табиғатын сол кезеңнің өзінде - ақ ашып берді.

«Әдебиет оқулықтары туралы ойлар» мақаласында «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір кезеңдері (Орта Азия халықтарымен ортақ мұра, ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақтың төл әдебиеті) оқулықтардан орын алмай келеді. Ең алдымен, жақсырақ зерттелді деген ХҮІІІ-ХІХ-ХХ ғасырлар әдебиетінің де қаншама ірі өкілі, көрнекті шығармалары атаусыз, ескерусіз қалып жүргенін ескеру қажет» деп жазды. «Мұрагер парызы» мақаласында сәулет өнеріне жататын заттық мәдениет мұраларын жинау, іздеу, зерттеу, бағалау мәселелерінде қолға алынбай жатқанын көтеріп, «Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі демекші, осы ұлы жәдігерліктерді жұртшылыққа толық таныстыра алғанымыз жоқ. Мұнда тек ХІІ ғасырда жасалған, Орта Азия діндарлары пір тұтқан ақынның ғана емес, қазақтың көрнекті көп адамдарының қабірі жатыр. Тарихта аты қалған Әбілқайыр, Абылай, Жолбарыс, Қазыбек сынды қайраткерлер бейіті осында» [4] деп ата тарихында айрықша орын алатын тарихи тұлғалар кесенесінің мүшкіл халіне зиялы қауым назарын аудартты.

Елдікті сақтау мен еселеуге соны серпін беретін ұлттық мұраттағы әлеуметтік мақсаты айқын мұндай арнадағы азат ой кеңестік идеология тарапынан барынша тежеліп отырды. ҚКП ОК-нің «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулысы қабылданып (1956.10.12), қазақ зиялыларының халықтың көкейіндегі елдікпен тамырлас тақырыптарды батыл жазуларына «ұлтшылдық» таңба басылды. «Социалистік Қазақстан» (1957. 5.02) газетіндегі «Бір зиянды мақала туралы» жарияланымда Р.Бердібайдың «Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері» мақаласы «ғылыми негізсіз, саяси қате, біздің идеологиямызға жат» деп сынға алынды. «Қазақ әдебиеті» газетінде ғалымның «ұлтшылдығы» «Әділ сын – алғы міндеттер» (1957.1.02), «Ұшқары пікірлер, елеулі қателер» (1957.8.02) мақалаларында айыпталды. Қазақстан Жазушылары Одағының бастауыш партия ұйымында ғалым мәселесі қаралып, қызметтен алынды, саяси сенімсіздік білдірілді.

Р.Бердібай 1965-1995 жылдар аралығында Алматы қаласы М.Әуезовтің мұражай үйінде қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін басқарып, ұлт мәдениеті мен әдебиетінің, тарихы мен өнерінің аса маңызды тақырыптарына қатысты бес жүздей дәріс өткізіп, кеңестік идеологияның ұлтсыздандыру саясаттына интеллектуалдық ұлтшылдықпен күресті. Халық университеті дәрістерінде ұлт руханиятының алтын арқауын құрайтын сан алуан тақырыптарда қазақ әдебиетінің бір мың бес жүз жылдық тарихы жүйелі қамтылды. Соның ішінде кеңестік идеологияның цензурасы тарапынан тиым салынған тақырыптар өзек етіп алынып, дәрістерде А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабайұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлының өмірі мен шығырмашылығы, әдеби мұраларына қатысты сөз қозғалды. «Ұлттық ойымызды оятуға, мәдени мұраны таныстыруға зор құрмет атқарған жалғыз

университет» (Р.Бердібай) халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіру, рухани кемелдену жолында қашан да үлкен маңызға ие ерен істер атқарды.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ғалым 1960-1967 жылдар аралығында жарық көрген қазақ әдебиеті тарихының аса маңызды тарауларын жазуға атсалысты. Қазақ кеңес әдебиетінің тарихына арналған көп томдықтың үшінші томының бірінші кітабындағы «Отызыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті (1930-1941 жылдар)» тарауын жазды. Сонымен қатар көп томдықтың «Қазіргі дәуір әдебиеті» шолу тарауының қазақ романына арналған бөлімін жазды. Қазақ романдарының молынан жарияланып, тақырып аясының кеңеюі барысында өрлеу кезеңіне аяқ баса бастағанын жіті талдап, қаламгерлердің азаматтық жауапкершілігі мен белсенділігі артқанын, өмір өткелдерінің құпия сырларын бұрынғыдан тереңірек түсіне бастағанын жылымық рухымен сабақтастырып, оның себебін «Жазушылар қолдан жасалған догмалар, міндеттеме қисындар қыспағынан құтылып, еркінірек тыныс алды. Ендігі жерде өмірдің бірыңғай күнгей жағын теріп, әсірелеп суреттеу тәсілі ескіргені анық байқалды. Өмір бар жерде қайшылық, тартыс болатыны, ескі мен жаңаның күресінде неғұрлым өміршең, озық күштің жеңетіні, оқиға мен характерді объективтік шындыққа сәйкес суреттеу қажеттігі ескерілді. Өмірдің алуан өлкесін бейнелейтін шығармалардың пайда болуына бас себеп осы» деп түсіндірді. Бұл «жылымық» ықпалын терең зерделеген және де идеологиялық қысымнан аз да болса арыла бастаған қазақ сөз өнерінің өз эстетикалық табиғатына тамыр тартқан поэтикалық заңдылығын зерделі ашқан тың тұжырым болатын. Міне, әдеби даму мен әдебиеттануды осы талап пен талғам биігінен саралаудағы ғылыми-зерттеушілік, әдеби-эстетикалық танымдағы жаңа бетбұрыс қазіргі дәуірдегі сөз өнерінің үрдісіндегі басты ерекшеліктер мен басым бағыттағы тенденцияларды байыпты ашуға, дәйекті талдауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, қазақ романының тақырыптық жағынан түрленуі, қаламгерлердің өмір шындығының қайшылығына терең үңілуі, осы ілкі қасиеттердің ұлттық дәстүрден нәр алып, сол негізде жаңаруы мен жаңғыруы нақты туындылар мысалында дәлелденген.

Әсіресе, қазіргі заман тақырыбына жазылған шығармаларда адам, ел тағдыры суреткерлік батылдықпен көтеріліп отырғанына баса назар аударған ғалым М.Әуезовтің «Өскен өркен», Т.Әлімқұловтың «Ақбозат», З.Шашкиннің «Доктор Дарханов», «Сенім», С.Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй», Х.Есенжановтың «Ақ жайық» романдарының сонылық сипатын ашады. Әдебиетте өмірдің ең ділгір мәселелерінің көтерілуін қаламгер парызының арта түсуінің айқын айғағы деген келелі пікір түйеді. Әдебиетке талантты жастар толқынының қосылуын айта отырып, олардың өз тақырыбымен, өз әсерімен, өз мәнерімен келгені қуаныш [5, 110] деп біледі. Осындай жетістіктермен қатар көркемдік ізденістегі кейбір олқылықтар да сын тезіне салынады. Мәселен, З.Шашкиннің «Доктор Дарханов», Ғ.Мұстафиннің «Көз көрген», Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» туындыларындағы бас қаһарманның сомдалуындағы олқылықтар орынды ескертілген.

Қаламгерлердің әлем әдебиеті тәжірибесін тереңдей үйренуі, кәсіби мәдениетінің артуын, өмірдің терең қатпарына үңілулерін де кеңінен саралаған Р.Бердібай: «Бұдан былайғы кең тыныспен өрлеудің жаңа межесі анықталды, әдебиет керуені тұтастай алғанда жаңа кезеңге шықты. Түбі шалқар теңізге барып құятын өзендер мен бұлақтар секілді жаңа дарындар қазақ әдебиетіне қосылды; бұлар алғашқы адымдарын есейген әдебиетке тән мәдениет дәстүрі деңгейінен бастады» немесе «Аталған дәуір ішінде әдебиетіміздің ұнамды қаһармандар қатары қалыңдады; жаңа характерлер, қызғылықты тағдыр иелері қосылды. Ұнамды қаһарманды да, ұнамсыз қаһарманды да неғұрлым шыншыл, табиғи көрсетуге тың қадам жасалды; схемалар азайып, өзіндік көркімен, бояуымен келген бейнелер көбейді. Сонымен қатар жылдар бойы жабысып келген кейбір жалған түсініктер, догматикалық өлшемдер бұл кезеңде күрт кеміді» [5, 122] деген сындарлы пікірлерін кейінгі әдеби даму үрдісі дәлелдеп бергенін ерекше атауымыз керек.

Р.Бердібай ұлттық әдебиеттану ғылымы салаларының сан алуан күрделі ғылыми арналары бойынша іргелі зерттеулер жүргізді. «Әдебиет және өмір» (1964), «Роман және заман» (1967), «Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы» (1968), «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы (1930-1940 жылдар аралығы)» (1971), «Дәстүр тағылымы» (1973), «Қазақ романы» (1975), «Достық кемесінде» (1976), «Қазақ тарихи романы» (1979), «Биік парыз» (1980), «Замана сазы» (1985), «Тарихи роман» (1997), «Мұхтар шыңы» (1997) еңбектерінде ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық талдаулар тығыз тоғысып жатты. Оларда әдебиеттің проблемалық мәселелері әдеби-тарихи бірлікте сараланды.

«Роман және заман» еңбегінде қазіргі қазақ романдарының теориялық мәселелері идея және композиция, тартыс табиғаты, характер және жағдай негізінде талданады [6]. Мәселен, кітаптың «Характер және жағдай» тарауынды Т.Әлімқұлов, С.Шаймерденов, Т.Ахтанов, Ө.Қанахин, Қ.Исабаев, Ж.Молдағалиев, С.Жүнісов, Р.Тоқтаров, А.Нұрманов шығармаларындағы өмір шындығын суреттеудегі шеберлік қырлары сараланса, «Дәуір биігі мұнарасынан» тарауында ғалым қазақ қаламгерлерінің басты міндетіне проблемалық тұрғыдан келіп, олардың отандық тарихтың тың жатқан көркемдік кеңістігін игерудегі азаматтық мұратын талқыға салады.

Әдебиетші ертеде жасаған өнер қайраткерлерінің жазушылар ілтипатына көбірек іліне бастағанын, әсіресе «халықтың ерте замандағы өмір күйлерін, арман – үмітін, күрес – тартысын, бейнелеп көрсетуге дендеп бет бұра бастағанын аңғарамыз. Бұл халықтың өзіндік даму жолын, ерлік, елдік дәстүрін, тарихи даму сапары мен орнын түсіну, өткеннің жақсы үлгісін насихаттап, кемшілігін сынау қажеттілігінен туған табиғи құбылыс. Мұның өзі, екінші жағынан, әдебиетіміздің кемелденіп, қандай қиын, алыс тақырыпты да меңгеріп алып кетуге жарағандығын» [6, 136-137] баса көрсетіп, ендігі мұрат тарихи тақырыптағы шығармалар жазу болып табылатынын терең зерделейді. «Шындығына келгенде, тарихи тақырыпты меңгеру жағынан қазақ әдебиеті әлі де кенжелеу. Тарихи адамдар өмірін суреттейтін бірен-саран көрнекті туынды бұл олқылықтардың орнын жаба алмайды. Еліміздің басынан кешкен елеулі оқиғаларын қайта жаңғыра сөйлету-жастарды отаншылдыққа тәрбиелеудің аса маңызды құралдарының бірі» [6, 143] деп, азаматтық және рухани мәдениетінің тарихы мейлінше бай халқымыздың өткен тарихын тануда орын алып отырған нигилистік танымға, идеологиялық кедергілерге батыл үңіле білді. Әсіресе, қазақтың отандық тарихын зерттеуде орын алып отырған басты кемшілікті сол кезеңнің өзінде сын тезіне салып, ұлттық сана мен намысты қамшылайтын өрелі ойларын ашық жеткізді.

Мәселен, «Амал не, халқымыздың шын ғылыми тарихы бүгінге дейін жеткілікті зерттеліп, жан-жақты таныстырылған жоқ. Бізде екінші бірінде халықтың ғасырлар бойғы қаһармандық өмірінен ешбір сәулелі көрініс таппай, ылғи құбыжық етіп көрсету дағдысы арылмай келеді» деп, «Академиктерден бастап, мектеп шәкіртіне дейін, ең мықтағанда, XIX ғасырдан Шоқан, Абай заманынан бергіні ғана ауызға аламыз. Ал одан арғы мыңдаған жылдықтарда Қазақстан жерінде нендей хикмет болғанын шындап, жүйелі сөз еткеніміз жоқ. Қысқасы, қазақ халқының ертедегі тартыс пен күреске толы өткен жолы сан мыңдаған кітап оқушыға қараңғы. Бұдан кейін өзге былай тұрсын, туған балаға да қазақ елінде бұрын пәлендей ұнамды құбылыс болған деп сендіруің қиын. Жастардың ел дәстүріне, мәдениетіне кейде салғырт, самарқау қарайтыны да тарихты біржақты жамандап түсіндіру әдетіне тікелей байланысты» [6, 143] деген сындарлы ойлары да ұлттық мүддені көздеген ғалым парасатын айқын танытады. Осындай принципті мәселелерді саралаған сыншы Д.Досжанов повесінің жетістігімен қатар кейбір олқылығын да назардан тыс қалдырмайды. «Шығарма кейіпкеріне заманына, ортасына лайық емес сөздер сөйлету немесе дәл қазіргідей ойлату шындық шырқын бұзатыны анық» деп көрсетеді.

НӘТИЖЕЛЕР

Р.Бердібай өзінің қай зерттеу еңбегінде болмасын ұлтымыздың ұлы мұраттарын «Қызығым да, рахатым да, қасіретім де – қазақ, қазақтың тарихы, бай мұрасы. Таяқ жеймін, мейлі үлесімнен құр қалайын, қазақ үшін істелген әрекетімнің бәрі қуаныш» деген биіктен әдіптеді. «Ғасырлар толғауы» кітабының «Ежелгі жазба мұралар» тарауында әл-Фараби, Ахмет Игүнекидің «Құтадғу білік», Махмұд Қашқаридың «Диван лұғат ат-түрік», Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Дүрбек, Құтыб, Сайф Сарай, Рабғузи, Жалаири, Дулати, Әбілғазы шежіресін қарастырылды [7, 26-48]. «Науаи мен Абай» («Социалистік Қазақстан».1960.16.09), «Әдебиет тарихын тереңдеп таныық» (Қ.Ә).1968.19.10), «Мұрагер парызы» («Қ.Ә».1970.25.09), «Ұлы ойшыл туған жерде» («Қ.Ә».1975.5.09), «Халық мұрасы-қымбат қазына» («Қ.Ә».1976.22.10), «Жазба мұралар мәні» («Социалистік Қазақстан».1979.19.06), «Заманалар сыры немесе мәдени мұраны меңгеру жайында» («Қ.Ә».1980.10.10), «Құпия шежіре» («Лениншіл жас».1980.1.01), өзге де мақалаларында сан ғасырлық рухани және материалдық құндылықтарды қастерлеудегі ұрпақ парызыны санаға құйып отырды. «Мұрагер парызы» мақаласында сәулет өнеріне жататын заттық мәдениет мұраларын жинау, іздеу, зерттеу, бағалау мәселелерінде қолға алынбай жатқанын көтеріп, «Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі демекші, осы ұлы жәдігерліктерді жұртшылыққа толық таныстыра алғанымыз жоқ. Мұнда тек ХІІ ғасырда жасалған, Орта Азия діндарлары пір тұтқан ақынның ғана емес, қазақтың көрнекті көп адамдарының қабірі жатыр. Тарихта аты қалған Әбілқайыр, Абылай, Жолбарыс, Қазыбек сынды қайраткерлер бейіті осында» деп ата тарихында айрықша орын алатын тарихи тұлғалар кесенесінің мүшкіл халіне зиялы қауым назарын аудартты.

Ғалым әдебиеттанудың барлық салаларында жемісті еңбек етті. Әдеби сындағы ізденістеріне шыншылдық, объективтілік тән. Әдеби дамудағы жанрлық түрленулер мен қаламгер шеберлігін сынның эстетикалық талдаудағы сипатының артуы көркемдік үрдістің маңызды мәселелерін теориялық тұрғыдан саралау талабына да өрісті ықпал етуі заңды. Оған Р.Бердібайдың «Әдеби сын өркендей түссін» («Қ.Ә».1958.28.03), «Әдебиеттің асыл мұраты» («Қ.Ә».1961.16.06), «Әдеби сынның жайын ойласақ» («Қ.Ә».1962.8.06), «Роман және заман» («Жұлдыз».1964.№9), «Үлкен проза парызы» («Қ.Ә».1965.14.21.05), «Дүниетаным және шығарма» («Қ.Ә». 1967.27.01), «Өмір шындығы және көркемдік шешім» («Жұлдыз. 1966.№5), «Характер және жағдай» («Жұлдыз».1967.№2) т.б. мақалалары айқын дәлел болып табылады.

Тарихи тақырыптағы, замандас тұлғасын сомдаудағы туындылардың ХХ ғасырдың 70-жылдар бедерінде де өрісті арна табуындағы көркемдік үрдіс табиғаты қазақ әдеби сынында байыпты зерделеніп, басты тақырып өзегін құрады. Р.Бердібайдың «Тарихи шындық және көркемдік шешім» («Жұлдыз».1970.№1), «Алпыстың асуында» («Қ.Ә».1975.3.01), «Тарихи шындықтың заманалығы» («Жұлдыз». 1979.№12), Ш.Елеуеновтің «Рост национального самосознания и исторический роман» («Дружбы народов».1970.№6), «Проза дәстүрлерінің жаңғыруы» («Қ.Ә».1971.11.ҮІ), «Тарих және көркем шындық» («Жұлдыз».1973.№11), Ә.Әлімжановтің «Терең тамырлы дәстүр» («Қ.Ә».1970.13.11), М.Дүйсеновтің «Алмас кылыш» («Қ.Ә». 1971.19.11.), М.Әуезовтің «От истории к историзму» («Простор».1971.№11), «Өнердің өнегесі» («Жұлдыз».1975.№2), О.Сүлейменовтің «Әдебиеттің асыл мүддесі» («Қ.Ә».1972.25.02), «Литература - служба или служение» («Простор».1971.№8), Х.Әдібаевтың «Қан мен тер» хақында» («Қ.Ә».1972.21.04), «Көшпенділердің көркем шежіресі» («Жұлдыз».1978. №10), З.Серікқалиевтің «Құнды сөз құнарлы ойдан» («Жұлдыз».1972.№5), З.Жұмағалиевтің «Деректі шығармалар туралы» («Жұлдыз».1973. №2), Т.Тоқбергеновтің «Жібек жолы - тарих жолы» («Қ.Ә». 1974.18.01)», К.Сыздықовтың «Проза бағдары» («Жұлдыз».1974.№5), С.Қирабаевтың «Ілгерлеу жолы ізденіс» («Жұлдыз».1975.№5), М.Сқақбаевтың «Кең тыныс» («Жұлдыз».1975.№4), Ж.Дәдебаевтың «Тарихи және көркемдік шындық» («Қ.Ә».1978.8.12) сынды мақалаларында дәстүр арнасындағы тұтас әдеби даму үрдісінің заңдылықтары, көркем шындық пен өмір

шындығының байланысы, қаламгер дүниетанымы сын мен теория тығыз тоғысқан талдауларда зерделі қарастырылды⁷ Бұл мақалаларда әдебиетшілер біріншіден, тарихи тақырыптағы туындыларды талдау өзегі етіп ала отырып, қазақ халқының отандық тарихының зерттеусіз жатқан түйінді мәселелеріне әлеумет назарын аудартса, екіншіден, тарихи тақырыптағы шығармалардың аясында сөз өнерінің поэтикалық қуатын еселеу, тақырып арнасын ұлттық және адамзаттық мәселелермен тығыз байланыстыру сынды әдеби-теориялық мәселелер байыпты сараланып, тығыз бірлікте ұштастырылды.

Әдебиеттанушының «Қазақ романы» (1975), «Қазақ тарихи романы» (1979) еңбектері қазақ тарихи романын жүйелі зерттеудің әдіснамалық негіздерінің барынша жетілдіріле даму үстінде екенін айқындай түсті. Бұл ретте Одақ әдебиетшілері қазақ әдебиетіндегі тарихи романдардың жетекші сипат алу құбылысының басты да негізгі мән-мағынасын халықтар достығы, туысқан әдебиеттер байланысы сынды қалыпты тақырып аясында ғана алғандықтан оның бірден бір қозғаушы күші халықтың өткенін танудағы ұлттық сана сезімдегі бұлқыныстан туған рухани серпін, соған қуат берген азаматтық ұстанымы айқын қаламгерлердің батылдығы екенін байыптауда өз пікірлерін бұғып қалғанын жасыруға болмайды. Г.Ломидзе «Интернациональный пафос советской литературы» (1970) еңбегінде тарихи тамырына, дәстүрлерге әсерлене қызығушылық деп қараса, қазақ әдебиетін бағалаудағы түйінді пікірі «младописьменный» дегеннен аспаған З.Кедрина «Көрші отырған туысқан қазақтардың ғана емес, басқа халықтардың жас жазушылары да Айтматовқа еліктейді» деп М.Әуезов сында алыптың Орта Азия әдебиетіне жасаған әдеби ықпалын «ұмыт» қалдырды. Өз кезегінде қазақ қаламгерлерінің ұлт тарихының өткен ғасырлар бедерін безбендеуін, тарихи тұлғаларды сомдауын ресми идеология «идеализация» деп айыптап, осы қуатты серпілісті тежеуге тырысты. Сондықтан халықтың эстетикалық танымына, тарихи ойлау жүйесіне қуат беретін қазақ тарихи романдарының тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық маңызын, танымдық-тағылымдық, тәлімдік-тәрбиелік қадір-қасиетін тану әдебиетші ғалымдардың басты міндеті боп жүктелді.

Халық мәдениет университетінің тыңдаушыларына арналған «Қазақ романы» (1975+) кітапшасында Р.Бердібаев ерлік пен өрлікке толы тарих қойнауындағы түркі жазуы, әл-Фараби мұрасын игеру - өткенге үңілудегі елдік сананың өсуі екенін байыптап, тарихи тақырыптағы туындылардың ұлт әдебиетінде санаулы екенін айта келіп, осы олқылықтың орынын толтырудағы Д.Досжановтың «Жібек жолы», «Отырар», І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» туындыларының маңызын баса көрсетеді. Зерттеуші І.Есенберлиннің аталған шығармасына кеңінен тоқталып, айрықша маңызын: «Өзге маман түгіл тарихшыларымыздың өзі де әлі күнге дейін жете зерттеп болмаған кезең - ХҮ ғасыр оқиғаларын роман-хроника түрінде тұңғыш рет жүйелі өріп, аса көп керекті мағлұмат бере алатындығында. Қалың оқушы бұл кезге дейін ХҮ ғасырда Жәнібек пен Керей бастаған қазақ рулары Сарысу, Шу, Талас өзендерінің алқабында, Мойынқұм бойында алғаш рет қазақ хандығын құрды деген қысқа деректен өзгені біле бермейтін. «Алмас қылыш» тарих кітаптарында жазылған сараң тұжырымның тасасында қаншама хикмет жатқанын нақтылы оқиғалардың хронологиялық ізіне түсе отырып кеңінен баян етеді» [8, 34] деп бағалайды.

Роман жанрын роман-хроника деп анықтай отырып, шығарманың басты идеясы «қазақ руларының бірлесу, бір хандық шеңберінде ынтымақ құру» [8, 35] екенін дәлелдей көрсетеді. Бұл ретте «Алмас қылыш» туындысын талдауда сыншылдық ой-пікірде үлкен жаңғырық тудырған білікті сыншы З.Серікқалиевтің «Тарихи шындық бұрмаланбасын» мақаласындағы талдаулардағы кейбір даулы ой-пікірлерімен («Социалистік Қазақстан». 1972. 16.04) полемикаға барып, романды бағалауға таптық өлшеммен келуге болмайтынына принципті тұрғыдан келіп: «Алмас қылыш» романында халықтың тарихтағы шешуші рөлі көрінген деп санаймыз. Кітапты тап қайшылығы, халықтың тарихи орны айтылмаған деген айып та теріс. Әрбір мәселеге тарихилық принциппен қарайтын болсақ, сонау ХҮ ғасыр оқиғаларынан ХХ ғасырға тән анық таптық күрес суреттерін іздеуге бола бермейтінін түсінер едік» [8, 36] деген байыпты көзқарасын білдіреді.

Р.Бердібай қазақ тарихи романдарын көркемдік негіздеушілердің бірегейі І.Есенберлин шығармашылығының даралық қасиетін: «Халықтың бұрынғысы мен бүгінгісінің ең елеулі, маңызды жақтарын іздеп, ғибрат берерлік істер мен мінездерді талғап ұсыну үлкен саналы ойдан, сүйекке біткен табиғи, таза отаншылдық аңсардан тұмақ» деп «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» романдарын айрықша бағалайды. «Ең алдымен тарихи зерттеу әдебиетте толық талдауын тауып болмаған, кей тараптан әлі күнге дейін пікір таласын тудырып келген оқиғалар мен адамдар туралы көркем шығарма жазудың өзі І.Есенберлиннің азаматтық тұлғасының беріктігі деп бағалау керек. Ғылымдағы секілді көркем әдебиеттегі жаңа сөз атүсті еліктеуден, өзгелердің ізімен «қауіпсіз» сырғи беруден тұмаса керек. Бұрын ешкім бармаған тақырыптық тыңға түсу үшін қаламгерге сана батырлығы қажет» [9] деп түйді.

ТАЛҚЫЛАУЛАР

Р.Бердібай – фольклорист, түркітанушы ғалым. «Ғасырлар толғауы» (1977), «Жыршылық дәстүр» (1980), «Сарқылмас қазына» (1983), «Кәусар бұлақ» (1989) т.б. еңбектері халық қазынасын шығыстану, түркітанумен тығыз бірлікте жан-жақты талдаудағы әдеби-тарихи тұрғыдағы танымдық-тәрбиелік сипатымен құнды.

Қазақ фольклористері халық қазынасын нақты зерттеу нысанына алып, жүйелі қарастыру мәселесінде де ілгерлеу жолына түсті. Атап айтқанда, «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979) атты ұжымдық зерттеудің эпикалық мұраның туу дәуірін, оларда көрініс тапқан әлеуметтік-тарихи оқиғалардың маңызын айқындау, жүйелеуде маңызы зор болды. Ұжымдық еңбектің кіріспесін жазған Р.Бердібай тарихи өлең, жырды зерттеудің өзіндік міндеттері мен ерекшеліктеріне қатысты жазылған Б.Н.Путилов, В.К.Соколов, Н.А.Криничная сынды орыс ғалымдарының ғылыми пікірлерін тарата баяндап, қазақ фольклоршыларының алдында тұрған келелі мәселелерді байыптайды. Атап айтқанда, тарихи оқиға мен қиялдың, дәстүрдің, аңыз бен құжаттың арақатынасын, белгілі оқиғалар мен қаһармандар туралы тарихи сананың шытырмандығын, мұраның ішінен халықтық аңсарлар мен үміттер айқын көрінгендерін екшеу, тарихи өлеңнің ұлғая, дами келе жырға, эпосқа ұласатынын, бұларды талдағанда жанрлық талаптар мен деңгейлерді есепке алу керектігін ескертеді [10, 5].

Қазақ фольклористикасының ең бір түйінді өзегін құрайтын жанрдың өзекті мәселелеріне баса назар аударған ғалым: «Тарихи өлеңдер жанры бізде бұл кезге дейін арнайы, жан-жақты зерттелмегендіктен, оның ХҮІІІ ғасырға дейінгі үлгілері есепке алына бермейді. Орхон-Енисей жазбаларында кездесетін өлеңдерден бастап, әрбір дәуірдің жаңғырығын байқататын азды-көпті өлең кездесуі ықтимал. Ал ХҮ ғасырдан бергі қазақ хандығының өмірінде болып өткен ірі оқиғалар туралы өлең молырақ сақталған» [10, 6] дей келіп, Қазтуған, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді сынды жыраулар поэзиясындағы тарихи өлеңнің нышаны мен Үмбетейдің Бөгенбай батыр өлімін естіртуі, Бұқар жыраудың Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек батырлардың ерлігін мадақтаған толғаулары тарихи өлең жанрының сипатын байқататынын зерделейді. Сонымен қатар Исатай-Махамбет, Бекет, Өтеген, Сұраншы батыр туралы жырлар ғана жиірек сөз болып келгенін ал: «Тарихи дәуірде өмір кешкен, қазақ халқының жоңғарлармен күресінің қатысушылары болған Бөгенбай, Қабанбай, Олжабайлар тарихи эпос қаһармандар реніде жүйелі зерттелген емес. Осылардың қай-қайсысының да тарихи істерін, ауыз әдебиетіндегі, аңыздағы, шежіредегі бейнесін салыстырып, шындығы мен қайшылығын аша түсу, анық халықтық бағалар мен түрлі қосынды пікірлердің ара жігін ажырату талабы тұңғыш рет қолға алынып отыр» [10, 7-8] деп тұтас бір жанрды алғаш рет жүйелі қамтығын еңбектің ұлттық фольклористикадағы соны сипатын көрсетеді.

Тарихи жыр, тарихи өлеңдер табиғатын айқындаудағы теориялық қисындар, сонымен қатар Абылай сынды тарихи тұлға, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Олжабай, Өтеген, Арқалық, Досан, Бекет, Жанқожа, Исатай, Махамбет сияқты

батырларға қатысты туған жыр, аңыздардың, «Ақтабан шұбырынды» қасіретінен туындаған тарихи өлеңдердің, он алтыншы жыл дүрбелеңіне байланысты туған халықтық жырлардың талдануы аталған еңбектің ғылыми және де танымдық маңызын көрсетеді. Сонымен бірге кітаптың «Қазақтың халық музыкасындағы тарихи оқиғалардың бейнеленуі» тарауының да сонылық сипаты бар. Өйткені барша ғұмырын өлеңмен өрген әрі ән-күйімен қатпарлы тарихының тереңін сүзген елдің музыкалық фольклорын тану, тылсым құдіретіне ену мейлінше күрделі. Міне, халықтың этикалық, эстетикалық жан әлемін, философиялық дүниетанымын ұлт тағдырымен тұтастықта тануға мүмкіндік беретін рухани құндылықтардың қарастырылуы ерекше назар аудартады.

Әдебиеттанудағы озық әдіснаманы біліктілікпен қазақ фольклорының өзекті мәселелерін жаңаша зерттеуде ұштастыру сөз өнерінің шын мәніндегі халықтық, ұлттық сипатын ашуда, қоғамдық өмірмен әрі адамзат қауымының өткен тарихымен сабақтастығын зерделеу арнасының өрісін кеңейте түсері анық. Бұл ретте «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981) атты ұжымдық еңбектің зерттеу әдісі де тың болып табылады [11]. Ауыз әдебиеті туындыларының тегін, жасалу, даму, өзгеру заңдылықтарын талдауды нысан етіп, қазақ ауыз әдебиетінің эпос, ертегі, аңыз-әңгіме, тұрмыс-салт өлеңі сияқты сан алуан жанрлары түркі-монғол халықтарының фольклорымен алғаш рет саластырмалы тұрғыда қарастырылған еңбекте Р.Бердібаевтың «Түркі-монғол халықтары эпосындағы кейбір ортақ желілер», Б.Уахатовтың «Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдерінің типологиясы», Б.Адамбаевтың «Тарихи аңыз-әңгімелер», Т.Сыдықовтың «Қазақ эпосын тарату мен дамытудағы жыршы-ақындар ролі», Е.Тұрсыновтың «Типологияның комплексті жүйесі туралы», Н.Төреқұловтың «Фольклорлық жанрлардың ұлттық, интерноцианалдық сипаты», С.Қасқабасовтың «Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы», Ш.Ыбыраевтың «Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі», З.Сейтжановтың «Жыр дәстүрі және «Түкібай-Шолпан» дастаны» мақалалары берілген. Р.Бердібаев эпостанудағы «тарихи мектеп» қисынының кереғар ықпалындағы зерттеулер «Едіге», «Ер Сайын», «Шора» жырларын дұрыс бағалауға мүмкіндік бермей отырғанын ескерте келіп, «Осы және басқа жырлардың түрлі халықтардағы вариант, версияларын түгел сараптан өткізіп, толық тексергенде ғана олардың халықтық, фольклорлық негіздерін екшеуге, түрлі тараптан жасалған жол-жөнекей қоспаларды ажыратуға, ең қажеттісі – тарихи фактілер мен эпикалық жинақтаудың ара қатынасын анықтауға мүмкіндік туады. Демек, тарихи-типологиялық тәсіл фольклортануға әр саладан қозғау салатын ұтымды тәсіл деп қарау керек» [11, 12] деп зерттеу әдісіндегі танымға серпін беретін басты принципті дұрыс көрсетеді.

Тарихи-типологиялық тұрғыдан эпос жанрының түрік-монғол халықтарындағы ортақ желісіне тән сипаттар мен ерекшеліктер, көркемдік түрленулер нақты мысалдармен дәлелденген. Мәселен ноғай халқының «Айсылдың ұлы Әмет батыр» жыры мен Мұрын жыраудан жазып алынған «Айсаның ұлы Ахмет», сонымен бірге екі халыққа да ортақ «Шора батыр», «Қазақ жырлары», қазақ қырғыз халықтарының арасындағы эпикалық дәстүр байланысы «Манас», қазақ және башқұрт фольклорлық мұрасындағы ұқсастықтар «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс», «Тарғын мен Қожақ», «Шора батыр», «Едігей мен Мұрадым» мысалы негізінде қарастырылады. Сонымен қатар Алтай халқының «Маадай-Қара» жырының бейнелеу жүйелеріндегі ұқсастықтар немесе қазақ эпосымен қалмақ халқының «Жәңгір» жырының тарихи-типологиялық үндестігі көшпелі халықтардың ежелгі эпикалық дәстүрінің ортақ арнадан тарамдалуымен байланыста алынған [11, 44-45].

«Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер» (1982), «Эпос мұраты» (1997) зерттеулері эпостың тарихилығын фольклористика мен түркітанудың өзекті мәселелерімен тығыз ғылыми бірлікте ұштастырудағы ғылыми талдаулары, теориялық тұжырымдарының тереңдігімен ерекшеленеді. Эпос генезисі мен табиғатын типологиялық әдіспен саралаған «Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер» зерттеуі қазақ эпосының жанрлық проблемалары мен олардың стадиялық даму ерекшеліктерін кешенді талдауымен маңызды [12]. Еңбектің «Қазақ эпосының зерттелу тарихынан», «Көне эпос», «Қаһармандық эпос», «Ғашықтық эпос», «Тарихи жыр» атты бөлімдерінде эпостанудың келелі мәселелері

ауқымды қарастырылған. Соның ішінде құнды мұрамыз болып табылатын, алайда зерттеушілер назарынан тыс қалған жиырмадан астам жырды талдауы, сол арқылы ғылыми айналымға енгізуі еңбектің құндылығын еселей түскен. Мысалы, Абылай, Қабанбай, Бөгембай, Жанқожа, Бекет сынды тарихи тұлғаларға арналған жырларды талдаулары соның нақты мысалы деуге болады. Осы жағынан алғанда Ә.Қоңыратбаевтың «Өз басыма көбірек ұнағаны «Көне эпос» деген бөлім. Мұнда бұрын белгісіз 22 жырдың табиғаты әңгімеленген. Соған қосып айтарымыз: еңбекте түрік-монғол эпосын (Тәсәр-хан) салыстыру бар екен. Фольклор текстісін оқу оңай, бірақ соны тарихилық негізінде талдау қиын. Автор еңбегі бұған жол сызған. Эпостық, лиро-эпостық жырларды талдағанда содан тайпа, ел тарихы көрінуі тиіс» деген бағалауы қашан да елдік қасиетпен біте қайнасқан ғалым мақсатының биік мұратын да танытады.

Ғалымның «Эпос – ел қазынасы» (1995) зерттеуі Махмұд Қашғари атындағы халықаралық сыйлықпен, «Байқалдан Балқанға дейін» (1996) еңбегі «Түрік дүниесіне қызмет» (1998) халықаралық сыйлықпен марапатталды.

Р.Бердібай – Ш.Құдайбердіұлы мұрасын, шығармашылығын зерттеуге қомақты үлес қосқан ғалым. Әдебиетші 1960-1983 жылдардың өзінде-ақ Ш.Құдайбердіұлы шығармашылығын барынша объективті бағалай білді. Мәселен, Шығыс елдерінің терең тамырлы дәстүрлі әдеби байланыстары өзек етіп алынған «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970) кітабына енген «Әбдірахман Жәми» зерттеу мақаласында Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанына тоқтала келіп: «Қазақ топырағында «Ләйлі-Мәжнүннің» неғұрлым таныс нұсқалары – Низами дастаны негізінде жасалған бертіндегі аударма мен бұрынырақта Шәкәрім Құдайбердиев жазған дастан. Халық арасында кең тарап, ұрпақтан-ұрпаққа мәлімденіп кеткендігі соншалық – «Ләйлі-Мәжнүнді» қазақтың төл туындыларынан бөлектеп әкету қиын» деген байыпты пікір түйді. Ал 1983 жылы Мәскеуде өткен Кеңес түркітанушылар комитетінің IX пленарлық отырысында «Қазақ әдебиеттануының мәселелері» атты тақырыпта жасаған баяндамасы айрықша назар аудартады [1]. Ол ғалымның қазақ әдебиеттануындағы ұлттық және әлемдік рухани ықпалдастықтың теориялық және әдіснамалық мәселелеріне сол кезеңнің өзінде өзінде-ақ ерекше мән бергенін айғақтайды [13].

Ұлттық әдебиеттанудың түйінді де өзекті ғылыми мәселелеріне кеңінен тоқталған ғалым Қазақстанда көне түркі жазба ескерткіштерінің өз деңгейінде зерттелмей отырғанын: «До сих пор еще слабо изучены письменные литературные памятники, справедливо считающиеся общим достоянием тюркоязычных народов: «Кутадгу билик», «Хиба-ул хакаик», «Гулистан», «Хосров-Ширин» «Дивану лугат-ит-тюрк», «Мухаббатнаме», «Огузнаме» и др. Изданные много лет назад хрестоматии по древнетюркским памятникам стали библиографической редкостью. Изучение литературных памятников V-XV веков остается пока делом будущего» [14, 42] деп орынды ескертеді. Баяндаманың ерекше назар аудартатын аса өзекті мәселесі – қазақ әдебиеті тарихының айтулы тұлғаларын зерттеудегі басты кемшілікті батыл көтеруінде. Әсіресе, тек 1988 жылы толық ақталған Шәкәрім Құдайбердиев мұрасының маңызы туралы 1983 жылы Мәскеуде пікір білдіруі, оған Одақ ғалымдарының назарын аудартуы Р.Бердібайдың ғылыми ерлігі деп бағалаймыз. Бұған «Несмотря на активное изучение истории казахской литературы XV-XX веков, творчество многих известных в прошлом акынов и жырау еще ждет своих исследователей. Так, поэт Шакарим Кудайбердиев, брат Абая Кунанбаева, глубоко освоивший литературные традиции Запада и Востока, написал несколько прекрасных поэм, множество лирических стихотворений, создал поэтическое переложение повести А.Пушкина «Дубровский» на казахском языке, был даровитым композитором, историком. Но его творчество еще во многом остается неисследованным» [15, 42] деген пікірі нақты мысал бола алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдебиеттанушы ғалым Р.Бердібайдың ғылыми еңбектері ұлттық әдебиеттанудың аса өзекті мәселелерін кешенді талдауымен маңызды. Ғалым еңбектерінде зерттеу нысанына алынған тақырыптар жүйесі өте ауқымды. Әдебиетші қазақ әдебиетінің тарихымен қатар фольклористика, түркітану бағытындағы күрделі зерттеулер жүргізді. Ғалымның «Әдебиет және өмір», «Роман және заман», «Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы (1930-1940 жылдар аралығы)», «Дәстүр тағылымы», «Қазақ романы», «Достық кемесінде», «Қазақ тарихи романы», «Биік парыз», «Замана сазы», «Тарихи роман», «Мұхтар шыңы» еңбектері әдеби-тарихи, сыншылдық-эстетикалық және әдеби-теориялық талдаулардың тоғысып жатуымен ерекшеленеді. Маркстік-лениндік әдіснама талабы басты орында тұрған күрделі кезеңде ғалым қасаң қағидаларға шырмалып қалмай, ұлттық мүдде тұрғысынан келді. Ұлтсыздандыру саясаты өріс алған 1960-1980 жылдары ұлттық құндылықтарды сақтауға аянбай еңбек еткен ғалым тарихи сана мен тарихи жадтың қайнары тарихи тақырыптағы көркем туындыларды объективті бағалай білді. Қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері Отан тарихының келелі мәселелерімен сабақтастықта зерделеген ғалым әдебиеттанумен қатар тарих ғылымының ғылыми қағидаттарын басшылыққа алып отырды. Ол көркемдік ойлау жүйесін тарихи ойлау жүйесімен дәнекерлеуде ерекше маңыз алды. Бұл мәселе қазіргі гуманитарлық ғылымда синергетикалық сипатымен де өзекті сипат алып отырғанын баса көрсетеміз.

¹Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «BR28713085 – XX-XXI ғасырлардың алғашқы ширегіндегі зияткерлік тарихты қазақ тарихшылары мен әдебиетшілерінің еңбектері арқылы кешенді пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бердибаев Р. Проблемы казахского литературоведения // Советская тюркология. – 1983. – №4. – С.39-43.
- 2 Бердібаев Р. Заманалар сыры немесе мәдени мұраны меңгеру жайында // Қазақ әдебиеті. –1980. – 10 октябрь.
- 3 Бердібаев Р. Сол бір жылдарда // Жұлдыз. – 1995. – № 5-6. Б. – 118-140.
- 4 Бердібаев Р. Мұрагер парызы // Қазақ әдебиеті. – 1970. – 25 сентябрь.
- 5 Қазақ әдебиетінің тарихы. III т. II кітап. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1967. – 664 б.
- 6 Бердібаев Р. Роман және заман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 580 б.
- 7 Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. – Алматы: Жазушы, 1977. – 320 б.
- 8 Бердібаев Р. Қазақ романы. – Алматы: Қазақ ССР «Білім» қоғамы, 1975. – 48 б.
- 9 Бердібаев Р. Алпыстың асуында // Қазақ әдебиеті. – 1975. – 3 январь.
- 10 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.
- 11 Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 307 б.
- 12 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Жанрлық және стадиялық мәселелер. – Алматы: Ғылым, 1982. – 232 б.
- 13 Matayeva A., Zhumagul S., Sarybayeva B., Yerlanova A., Chuzhayeva A. Modern Approaches to the Theory and Methodology of Kazakh Literary Studies: Integration of National and Global Trends // Forum for Linguistic Studies. Volume 07, Issue 02, Pages 639-653, February 2025.
- 14 Bankoff G., Remaking the world in our own image: Vulnerability, resilience, and adaptation as historical discourses 1. In Why Vulnerability Still Matters. Routledge. <https://doi.org/10.1111/disa.12312>, 2022.

15 Zhakulayev, A., Takirov, S., & Khassenov, B. (2024). Literary text and historical discourse: A questionnaire study. International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, 7(3), 1174-1181

Материал 29.12.2025 баспаға түсті

Трансформация наук литературоведения и истории в исследованиях Рахманкул Бердибай

С.Б. Жұмағұл¹, Қ.Р. Кемеңгер¹, Г.С. Бөкен²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Казахстан

²Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

В статье рассматривается научно-интеллектуальная значимость многогранных научных трудов ученого-литературоведа Рахманкула Бердибая в контексте национального литературоведения. Анализируется актуальность исследования наиболее острых и болезненных тем истории казахской литературы периода жесткого давления коммунистической системы в неразрывной связи с насущными проблемами, накопившимися в истории нации. Обосновывается значение объективной оценки с точки зрения коренных национальных интересов литературного наследия, традиционных ценностей в условиях тоталитаризма, а также знаменитых исторических романов И. Есенберлина, написанных о сложных и переломных этапах отечественной истории, в современную эпоху государственной независимости.

В аналитических материалах его научных исследований четко определяются ключевые аспектные характеристики глубокой взаимосвязи филологической и исторической наук. Научные труды ученого-литературоведа Р. Бердибая имеют принципиальное значение благодаря комплексному анализу актуальных проблем национального литературоведения. Система тем, взятых ученым в качестве объекта исследования, чрезвычайно обширна. Литературовед, наряду с детальным изучением истории казахской литературы, провел сложные фундаментальные исследования в области фольклористики и тюркологии. Исследуя актуальные вопросы казахской литературы в тесной преемственности с ключевыми проблемами истории Отечества, ученый руководствовался научными принципами как литературоведения, так и исторической науки. Данная статья позволяет осмыслить интеллектуальную историю на рубеже XX и XXI веков с позиции междисциплинарного исследования через труды казахских историков и литературоведов.

Ключевые слова: ученый литературовед, литературоведение, тоталитарная система, литературное наследие, национальное достояние, история, исторические романы, национальный интерес.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Бердибаев Р. Проблемы казахского литературоведения // Советская тюркология. – 1983. – №4. – С.-39-43.
- 2 Бердибаев Р. Тайна веков, или Освоении культурного наследия // Казахская литература. – 1980. – 10 октября. – С. 5.
- 3 Бердибаев Р. В те самые годы // Жулдыз. – 1995. – № 5-6. – С. 118-140.
- 4 Бердибаев Р. Долг наследника // Казахская литература. – 1970. – 25 сентября. – С. 3.
- 5 История казахской литературы. Т. III. Книга II. – Алма-Ата: Издательство АН Казахской ССР, 1967. – 664 с.
- 6 Бердибаев Р. Роман и эпоха. – Алма-Ата: Жазушы, 1967. – 580 с.
- 7 Бердибаев Р. Размышления веков. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 320 с.
- 8 Бердибаев Р. Казахский роман. – Алма-Ата: Общество «Знание» Казахской ССР, 1975. – 48 с.

- 9 Бердибаев Р. На перевале шестидесяти // Казахская литература. – 1975. – 3 января.
- 10 Вопросы казахских исторических жыр (поэмических сказаний). – Алма-Ата: Наука, 1979. – 312 с.
- 11 Типология казахского фольклора. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 307 с.
- 12 Бердибаев Р. Казахский эпос. Жанровые и стадийные вопросы. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 232 с.
- 13 Matayeva A., Zhumagul S., Sarybayeva B., Yerlanova A., Chuzhayeva A. Modern Approaches to the Theory and Methodology of Kazakh Literary Studies: Integration of National and Global Trends // Forum for Linguistic Studies. Volume 07, Issue 02, Pages 639-653, February 2025.
- 14 Bankoff G., Remaking the world in our own image: Vulnerability, resilience, and adaptation as historical discourses 1. In Why Vulnerability Still Matters. Routledge. <https://doi.org/10.1111/disa.12312>, 2022.
- 15 Zhakulayev, A., Takirov, S., & Khassenov, B. (2024). Literary text and historical discourse: A questionnaire study. International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, 7(3), 1174-1181

Материал поступил в редакцию журнала 29.12.2025

The transformation of literary and historical sciences in the research of Rakhmankul Berdibay

S. Zhumagul¹, K. Kemenger¹, G. Boken²

¹L. Gumilyov Eurasian National University

²Ualikhanov University

The article examines the intellectual and scholarly significance of the multifaceted research works of the literary scholar Rakhmankul Berdibay within national literary studies. It analyzes the relevance of exploring the most critical and sensitive themes in the history of Kazakh literature under the pressure of the communist system, closely linking them with the pressing issues accumulated throughout the nation's history. The study emphasizes the contemporary importance in the modern era of independence of providing an objective evaluation, from the perspective of national interests, of the literary heritage, traditional values under totalitarian constraints, and I. Esenberlin's historical novels written about the turbulent periods of the homeland's history.

Key characteristics of the deep intersection between philological and historical sciences in his scholarly research analyses are explicitly identified. The scholarly works of the literary critic R. Berdibay are of vital importance due to their comprehensive analysis of the highly urgent problems of national literary criticism. The system of subjects chosen by the scientist as the object of research is extremely vast. Along with the history of Kazakh literature, the scholar conducted complex studies in the fields of folklore and Turkic studies. Examining the current issues of Kazakh literature in close continuity with the vital problems of national history, the scholar was guided by the scientific principles of both literary criticism and historical science. This article allows for the comprehension of intellectual history at the turn of the 20th and 21st centuries from the perspective of an interdisciplinary study through the works of Kazakh historians and literary scholars.

Key words: literary scholar, literary studies, totalitarian system, literary heritage, national treasure, history, historical novels, national interest.

REFERENCES

- 1 Berdibayev, R. (1983). Problemy kazakhskogo literaturovedeniya [Problems of Kazakh literary studies]. Sovetskaya tyurkologiya, №4, s.-39-43.
- 2 Berdibayev, R. (1980, October 10). Zamanalar syry nemese madeni murany mengery zhaynda [Secrets of ages or about the mastery of cultural heritage]. Kazak adebiyeti.
- 3 Berdibayev, R. (1995). Sol bir zhyldarda [In those years]. Zhuldiz, № 5-6. b. – 118-140.

- 4 Berdibayev, R. (1970, September 25). Murager paryzy [The duty of the heir]. Kazak adebieti.
- 5 Kazak adebietinin tarikhy [History of Kazakh literature]. (1967). Vol. III, Book II. Almaty: Kazak SSR FA baspasy, 664 b.
- 6 Berdibayev, R. (1967). Roman zhane zaman [The novel and the era]. Almaty: Zhazushi, 580 b.
- 7 Berdibayev, R. (1977). Gasyrlar tolgaуy [Reflections of centuries]. Almaty: Zhazushi, 320 b.
- 8 Berdibayev, R. (1975). Qazaq romany [Kazakh novel]. Almaty: Kazak SSR “Bilim” qogamy, 48 b.
- 9 Berdibayev, R. (1975, January 3). Alpystyn asuynda [At the age of sixty]. Kazak adebieti.
- 10 Kazak tarikhi zhyrlarinin maseleleri [Issues of Kazakh historical poems]. (1979). Almaty: Gylym, 312 b.
- 11 KazaK folklornyn tipologiyasy [Typology of Kazakh folklore]. (1981). Almaty: Gylym, 307 b.
- 12 Berdibayev, R. (1982). Qazaq eposy. Zhanrlyk zhane stadiyalyk maseleler [Kazakh epic: Genre and stage issues]. Almaty: Gylym, 232 b.
- 13 Matayeva, A., Zhumagul, S., Sarybayeva, B., Yerlanova, A., & Chuzhayeva, A. (2025). Modern Approaches to the Theory and Methodology of Kazakh Literary Studies: Integration of National and Global Trends. Forum for Linguistic Studies, Volume 07, Issue 02, Pages 639-653.
- 14 Bankoff, G. (2022). Remaking the world in our own image: Vulnerability, resilience, and adaptation as historical discourses 1. In Why Vulnerability Still Matters. Routledge. <https://doi.org/10.1111/disa.12312>.
- 15 Zhakulayev, A., Takirov, S., & Khassenov, B. (2024). Literary text and historical discourse: A questionnaire study. International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, 7(3), 1174-1181.

Received: 29.12.2026

MFTAP 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp286-300](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp286-300)

С.А. Итегулова¹, Б.С. Жонкешов¹

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, 050010, Қазақстан

АЛДАР КӨСЕ БЕЙНЕСІН ЗАМАНАУИ АНИМАЦИЯ МЕН КОМИКСТЕ ВИЗУАЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі заманауи мультимедиялық өнімдер балалар психикасына айтарлықтай әсер етеді, сондықтан фольклорлық кейіпкерлерді анимация және комикс форматында тиімді бейнелеу өзекті мәселе болып отыр. Зерттеу қазақ фольклорындағы парасатты жеңімпаз типіне жататын Алдар көсені визуалдаудың педагогикалық, психологиялық және мәдени әлеуетін ашуды мақсат етеді. Мақалада Алдар көсе бейнесінің юморға және агрессиясыз мінез-құлыққа негізделген ерекшеліктері, ұлттық кодты сақтау принциптері және аудиторияның жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімделу жолдары кешенді түрде қарастырылады.

Мақаланың теориялық маңыздылығы фольклорлық кейіпкерлерді заманауи мультимедиялық форматқа бейімдеудің әдістемелік тәсілдерін жүйелеуімен, анимация мен комикс саласындағы ғылыми зерттеулерді толықтыруымен негізделеді. Практикалық мәні балалар аудиториясына арналған мультимедиялық өнімдердің тәрбиелік, эстетикалық және когнитивтік әлеуетін арттыру, ұлттық кейіпкерлерді мәдени брендке айналдыру арқылы отандық анимация индустриясын дамыту барысындағы тұжырымдарымен айқындалады.